

Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы

**«О.Жұмабеков атындағы орта мектеп базасындағы Тірек мектебі
(Ресурстық орталық)» КММ**

«Менің есімім» байқауы (эссе)

Шұғай Махаббат 11 жаста

5 «Б» сынып оқушысы О.Жұмабеков атындағы орта мектебі

Бексеитова Индира Жанатовна

О.Жұмабеков атындағы орта мектебінің педагог-психолог маманы

Мен есімім – Махаббат! Менің есімімді ағам қойды. Ағам менің есімімді сезімге балап қойған. Бұл есім қос ғашықтың арасындағы махаббат емес.

Ол Отанға, отбасына деген махаббат. Мені туған жеріне сүйіспеншілікпен қарасын, жан – ұясына ыстық ықыласы болсын деген ниетімен қойған екен. Кейбір адамдар жақсы оқу орындарын бітіргеннен соң басқа шет елдерге көшіп кетеді.

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» дегендей әр адам өз туған жерің сүйю – ол әр адамның парызы деп есептеймін. Ал ағам мені оларға еліктемей, өзінің туып өскен мекенінде болады деген нық сеніммен менің есімімді қойған екен. Жақсы сеніммен қойылған есім әрдайым атақты.

Кейбір адамдар есімдерді біреуге тең еп қояды. Мысалы: Нұрсұлтан десе, онда ол Нұрсұлтан атамыздай ел басқарсын, ал Абай деп қойса, онда Абай атамыздай ақылды, ұлы ақын болсын деп қояды. Менің де есімімді сол сияқты сезімге балап қойылған.

Көңіл күй адамның өзіне, өзгеге, қоршаған ортаға деген қатынасының көрінісі емес пе? Ал олай болса махаббат, бауырмалдық, жанашырлық сияқты жақсы сезімдер адамның көңіл күйін көтеріп, жанын шуаққа бөлеп, жүрегіне қуат береді емес пе? Сондықтан менікіндей есім көп кездеспейді. Маған өз есімім қатты ұнайды. Ағамның есімімді Махаббат деп қойғанына қатты қуанамын әрі рахметімді айтамын. Атымды осылай әдемі қылып қойғандары қандай керемет! Бірақ Махаббат деген есім сирек кездеседі. Жалпы айтқанда менің есімім Отан сүйгіштік, ұлт жанды, отбасын жақсы көру деген мағынаны білдіреді.

Қыз деген - өмірімнің мөлдір кәусар бұлағы

Қыз деген – тіршіліктің шұғылалы шуағы

Қыз деген теңдесі жоқ тіршілік

Көз алдымда тұлғаң биік тұрады.

Сондықтан атым қандай әдемі болса, менде сондай боламын.

Менің тек осы Отан мен отбасына ғана емес, табиғатқа да, анама да, оқуға да, бәріне махаббатым тасып тұр. Ана ол бізді тоғыз ай құрсағында көтерген. Біз үшін олар өмірлерін қиюға да дайын. Осындай қайсар анамыздың болғанына қалай қуанбайсың? Барлық ақын, жазушыларда ана туралы өлең, жырлары, әңгімелері таусылмайды. Керсінше күннен күнге бұл тақырып бойынша өлеңдер көбейіп жатыр. Өлеңді аңындар ғана емес, тіпті балаларда жаза алады. Ана перзентін бағып қағуда өзін-өзі ұмытып, бар күш жігерін бізге төгеді. Ана сөзі үш-ақ әріптен тұрса да оның түпкі мағынасы теңізден де терең. Пайғамбарымыз «Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаңда, қарызыннан құтыла алмайсың» деген. Сондықтан да әрбір баланың анаға деген махаббаты шексіз. Өйткені олардың бізге деген ыстық ықыласы мен бізге деген махаббаты, сүйіспеншілігі өте күшті. Осындай әдемі махаббаты қалай бағаламауға болады? Міне менің есімімді осындай әдемі етіп қойған.

Есімімді әдемі етіп қойған адамда ойланған екен. Ал менің анам менің есімімді қалай ұнатса, солай мені де жақсы көреді. Бірақ анамада менің есімім қатты ұнайды. Бірақта ананың балаға деген махаббатын сөзбен айту мүмкін емес. Менің есімім сыныптағы балалардан ерекшелі.

Басқаларының есімдері қайталанған, көп жерден олардың есімдерін естігенмін.

Ал менің есімім бұл ауданда төрт-бес-ақ рет кездеседі. Міне осындай керемет есімді қарасаншы тіпті біздің мектебімізде Махаббат деген есім менде ғана бар десе де болады. Бұл жерде мен анаға деген махаббатымды айтқан едім. Ал менің табиғатқа деген махаббатымды айтатын болсам... табиғаттың көріктігіне сөз жетпейді. Табиғаттың әрбір құм-тасына деген махаббатым өте керемет! Табиғатты аялау әр адамның міндеті. Табиғатты көлсіз, таусыз, ормансыз елестету мүмкін емес. Тіпті елестетудің өзі қорқынышты. Ол біздің жер-анамыз. Табиғатқа біз мейірімділікпен, махаббатпен қарауымыз керек. Адам табиғаттың ажырамас бір бөлігі, табиғатпен адам қатар ұғым. Адам табиғатсыз, табиғат адамсыз өмір сүру тіптен мүмкін емес. Табиғаттың адамға деген пайдасы өте көп. Мысалға, адам өзінің тұрмыс тіршілігіне қажеттінің бәрін осы табиғаттан алады. Дәптер, қағаз, кітап-мұның бәрі ағаштан жасалады. Ал ағаш табиғатта өседі. Міне сондықтан да біз табиғатқа махаббатпен қараймыз. Ал оқу оның табиғатқа да, анаға да қатысы бар. Ана ол біздің оқу үлгілерімізді қадағалайды. Ал табиғаттан біз қағаз алатындықтан ол қағаздан бізге кітап жасайды. Сондықтан да табиғаттың да пайдасы зор. Ал егер оқуға махаббатпен қарасақ онда барлық сабақты жақсы ұғып аламыз. Міне менің есімім осындай мағыналарды білдіреді.

«Тәрбие отбасынан басталады», және махаббатта сол жерде туады. Ана мен бала арасындағы, мүмкін әлемде ең күшті сезім. Олай болса Отбасы анадан басталады. Осы жарық дүниеге келуімізге себепші болған ардақты ата-анамызға, тәлім тәрбие беріп жатқан ұстаздарыма да алғысым шексіз!

Жер бетіндегі ең әдемі сөз – Ана. Адам алғашқы сөзін де осыдан бастайды. Жер бетіндегі тілдердің бәрінде де осы сөз ерекше қастерлі.

Ананың қолы ең қасиетті, аялы қол, ол нені болса да атқара алады. Ананың жүрегі ең сенімді және сезімтал жүрек, оның сүйіспеншілігі ешқашан сөнбейді, оның көзінен еш уақытта ешнәрсе де қаалтарыс қалмайды.

Сенің жасың қаншада болсын – мейлі бес жас болсын, мейлі жиырма жас болсын, мейлі елу жас болсын, саған әрқашан да ана керек, оның аясы, мейірімі керек. Сенің анаң деген махаббатың неғұрлым зор болса, өмірің де соғұрлым шексіз қуанышқа, шалқар нұрға бөленеді.

Адам үшін ең аяулы, ең қастерлі жан – Ана. Бала дүниеге келген күннен бастап, өзінің жұмсақ алақаны, жылы жүзі, ыстық құшағы мен мейірімін, махаббатын аянбай бере білген аналарымыз аман болсын!!! Менің де анама махаббатым мен алғысым шексіз.

Келе жатқан қарқаралық әйелдер күнінде аналарымызды құттықтай отырып аналарымызға зор денсаулық, ұзақ өмір, ашық аспан, қажымас қайрат тілей отырып Аналарымыз аман болсын деп ниетімді білдіремін!!!

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған
Даламның әр гүлін сыйладың сен маған
Сен бердің құстардың қанатын самғаған
Балалық құштарым өзіңе арналған.

Ардақтап ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.

Мен өзіңмен қайда болсаң біргемін.
Махаббатың жүрегімде жүр менің
Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!
Әлпештеген баласын,
Ана – бақыт, ана – күн.
Әркім сүйіп өзінің,
Мақтан етер анасын!
Ана – көркі көгімнің,
Ана – нұры жерімнің,
Ана – бағы баланың,
Мақтанышы елімнің !!!
Ана – мақтан, ана – жыр,
Ана – бақыт, жан ашыр.
Бәрімізде анамыздай боламыз.
Аналарымызға мың алғыс!

Жалпы махаббат деген сөздің мағынасы кең. Махаббат деген сүйіспеншілік, ынтазарлық, ғашықтық деген сөздердің баламасы ретінде айтылы береді.

Махаббат неден басталады? Ол достықтан, өзара түсінушіліктен, жалпы мақсаттардан, қызықтардан, ұмтылыстардан басталады. Ал махаббаттан не басталады? Махаббаттан барлығы басталады: өмір, жұмыс, арман, өнер, батырлық. Өшпенділік, қызғаншақтық, күншілдік сияқты сезімдері де махаббаттан басталады. Махаббат күші – үйлесімде, даналықта, Мен шамасын сезуінде. Бір сөзбен айтқанда, Махаббат деген менің есімім – ең жақсы өмір жағы.

Абай атамыз айтқандай - «Махабатсыз дүние - бос», «Махаббат-өмір көркі», «Бұл өмірдің қызығы махаббатпен»...

Махабатты ешкім қолмен ұстап көрген емес, бірақ ол кімнің болсын жүрегінде бар сезім.

Әлемде барлығы менің есімімнен басталады....

Бәрінің бастауы – Махаббат!!!

Шынайы махаббаттың құрбаны болған адам бақытты! Бақытты болайық!!!

Менің есімім - МАХАББАТ!!!